

Көшелерге атау беру туралы

Атырау облысы Құрманғазы ауданы Орлы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 36 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 мамырда № 3856 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына сәйкес және Атырау облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 7 ақпандағы қорытындысы негізінде, Орлы ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Орлы ауылдық округінің Орлы, Алтыншы, Каспий ауылдарының көшелеріне қосымшаға сәйкес келесі атаулар берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

А. Мұфтах

Орлы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы "28" сәуірдегі № 36 шешіміне қосымша

1. Орлы ауылындағы көше атауларының тізімі:

- 1) № 1 көшеге- "Хиуаз Доспанова" есімі;
- 2) № 2 көшеге- "Мұқат Мұсаев" есімі;
- 3) № 3 көшеге- "Қайырлы Құрманғалиев" есімі;
- 4) № 4 көшеге- "Жүмекен Нәжімеденов" есімі;
- 5) № 5 көшеге- "Бақыт Карабалина" есімі;
- 6) № 6 көшеге- "Нұғыман Манаев" есімі;
- 7) № 7 көшеге- "Достық" атауы;
- 8) № 8 көшеге- "Тәуелсіздік" атауы;
- 9) № 9 көшеге- "Құлагер" атауы.

2. Алтыншы ауылы

№ 1 көшеге-"Бәйтерек" атауы.

3. Каспий ауылы

№ 1 көшеге- "Береке" атауы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК